

СИРИЯ КОНФЛИКТІНДЕГІ РЕСЕЙ САЯСАТЫ**Жексенбаева Айнур Габиденовна**ainura171101@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің

Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Ресей Сирияға байланысты реализм саясатын басшылыққа ала отыра, барлық қауіп-қатерлерді қарастырып және жағдайды дамытудың мүмкін нұсқаларын іздеу барысында. Қақтығыстарды шешудің ресейлік тәсілі егемендік пен аумақтық тұтастықты сақтауға, қақтығыс аймағына халықаралық араласудан аулақ болуға деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Ресей келіссөздер процесіне қақтығыстың барлық қатысушыларын тартады және тікелей және ашық диалогты қолдайды. Алайда, Ресей Таяу шығыстың өзге шиеленіс ошақтарында да Сирия бойынша ұстанатындай нақты позицияны алға тартады деп айта алмаймыз (Мыс., Ливия, Йемен).

Сириядағы Ресей саясатының негізі АҚШ-тың Асадты құлату үшін Ливияға ұқсас сценариге жол бермеу. Лавров: "Коалициялық күштердің кейбір жетекшілері, кейінірек НАТО-ның Бас хатшысы Ливия операциясын болашақ үшін "үлгі" деп атады. Ресейге келетін болсақ, болашақта мұндай нәрсе қайталануына жол бермейміз[1]." АҚШ-тың келесі әскери араласуынан қорқуы, бұл жолы Ресейге әлдеқайда жақын және оның Таяу Шығыстағы жалғыз серіктесіне бағытталған, президент Барак Обама Асадты алыстатуға шақырған кезде ақталды. Ресей АҚШ-тың интервенционизмін тоқтатуға, бастапқыда Сирия режиміне қару-жарақ пен техниканы жеткізуге, сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде режимге қысым көрсетуге тыйым салуға бел буды.

Ресей-Сирия қатынастары қырғи қабақ соғыстың мұрасына сүйенеді, өйткені Мәскеу 1956 жылғы Суэц дағдарысынан кейін Сирияны алғаш қолдай бастады. Алайда, Сирия 1971 жылға дейін Кеңес Одағының нақты клиенті болған жоқ. Кеңес Одағы Сирияның Жерорта теңізі жағалауындағы Тартуста орналасқан әскери-теңіз базасын өзінің бесінші Әскери—теңіз эскадрасы жағалауда барлау ақпаратын жинау құралдарымен бірге қолдану үшін алды. Алайда, 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Кеңес флоттары Жерорта теңізінен кетіп, Сирия базаларының маңызы төмендеген болатын[2]. Бірақ, жағдай 2015 жылы Сирия президенті Башар Асад Ресей Федерациясына үкімет армиясын әскери қолдау туралы өтінішпен жүтінгенде өзгерді. 2017 жылы Ресей Тартусты қырық тоғыз жылға жалға алу туралы келісімге қол қойды, әлі де әскери-теңіз базасы жаңартылу үстінде.

Сонымен қатар, Сирия Ресей әскеріне қатты әсер етті, өйткені үш ай бойы науқан барысында көптеген офицерлер ротацияланып, жауынгерлік тәжірибе жинады. Ресей Бас штабының бастығы Валерий Герасимовтың айтуынша, әскери округтардың командирлері, біріккен қару-жарақ армиялары, әуе күштері мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері көптеген дивизия командирлерімен бірге Сирияда жұмыс тәжірибесін жинады[3]. Осы дайындық мақсаттарымен қатар, Ресей Сириядағы ұрыс қимылдарын шет елдерге қару-жарақ сатудың технологиялық көрінісі ретінде қолданып, ұрыс қимылдарының көп бөлігін іске асырған ескі кеңестік қару түрлерімен бірге ресейлік техниканың соңғы жаңа буынын көрсетті.

Ресейлік элиталардың Асадтың құлатылуы ИМ* мен "Аль-Каида" мүшелерінің елдегі билікті басып алуына әкеліп соқтырады, бұл аймақтағы апатты жағдайға әкелуі және сунниттік экстремистер үшін Түркия мен Кавказға өте кең жол ашады деген нық сенімі маңызды болды. Бұл алаңдаушылық ішінара ақталды, өйткені азаматтық соғыс жалғасып жатқан азаматтық көші-қон, ИМ-нің өсуіне байланысты босқындардың Түркияға, көрші

елдерге және Орталық Еуропаға жаппай ағылуына әкеліп соқты, бұл аймақтық тұрақтылыққа қауіп төндірді.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шеңберіндегі Мәскеу позициясы:

- полицентрлік әлемдік тәртіп және барлық елдер үшін тең және бөлінбейтін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, егемендік пен халықтардың өз жолын таңдау құқығын сөзсіз құрметтеу;

- БҰҰ-ның орталық үйлестіруші рөлімен және халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларын сақтай отырып, барлық елдердің қатысуымен және аумағында террористерге қарсы күрес жүргізіліп жатқан мемлекеттердің келісімімен кең антитеррорлық майдан құру[4].

Кесте 1. Сириядағы Ресей саясаты. SWOT анализ (Дереккөз: автормен құрастырылған).

S – (Strengths) Күшті жақтар	W – (Weaknesses) Әлсіз тұстар
<ol style="list-style-type: none"> 1. Таяу шығыстағы серіктесін сақтап қалу; 2. Иранмен жақындасуға ықпал етті; 3. Терроризммен күрес; 4. Босқындардың Еуропаға ағымы күшеюі; 5. Мұнай бағасының өсуі; 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Билік басындағы діни азшылық өкілін қолдауы; 2. АҚШ және өзге де елдерден салынатын санкциялар; 3. Қаржы, әскери, қару шығындары; 4. Мұнайлы орталықтардың күрдтер қолында болуы;
O – (Opportunities) Мүмкіндіктер	T – (Threats) Қауіптер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Қытай ресейлік энергия ресурстарына көбірек бет бұруға мәжбүр болады; 2. Еуропаға әсерін тигізу; (Ресей Еуропа елдеріндегі оңшылдарды қолдайды. Сириядағы конфликт кесірінен еуропаға босқындардың көбеюі, халықтың наразылығын тудыруда. Сәйкесінше, босқындарға қарсы саясат ұстанатын оңшылдар қолдауға ие болуы.) 3. Түркиямен жақындасу; 4. Мұнай-газ және энергетикалық инфрақұрылымды қалпына келтіру; 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ресей Сирияға реабилитацияға көмектесу шығындары; 2. АҚШ-тың аймақтағы әскери базаларын бекітуі; 3. Экономикасына үлкен зардап келуі;

S – (Strengths) Күшті жақтар

1. Таяу шығыстағы серіктесін сақтап қалу.

АҚШ серіктестері басым (Сауд Арабия, Египет, Катар, Израиль, Иордания т.б) аймақтағы өзі де аздаған ықпалын жоғалтпауды көздеді. Ықпал ететін мемлекет басшысынан айырылу Таяу шығыстағы геостратегиялық қызығушылыққа қарсы;

2. Иранмен жақындасуға ықпал етті;

Аймақтағы антибатыстық, антиамерикалық ортақ қызығушылық Ресей мен Иранды біріктірді. Сунниттік бағыттағы мұсылман мемлекеттердің арасындағы шииттік Мемлекет басшысының билікте болуы Иран үшін де ұтымды серіктес.

3. Терроризммен күрес;

Сирия аймағында өршіген қауіпті террористтік топ ИГИЛ-ге қарсы шабуылдар жасауы, ығыстыруы.

4. Босқындардың Еуропаға ағымы күшеюі;

Ресей Европа елдеріндегі оңшылдарды қолдайды. Сириядағы конфликт кесірінен европаға босқындардың көбеюі, халықтың наразылығын тудыруда. Сәйкесінше, босқындарға қарсы саясат ұстанатын оңшылдар қолдауға ие болуы.

5. Мұнай бағасының өсуі;

Таяу Шығыстағы тұрақсыздық мұнай бағасының өсуіне себепші болуы. (Мыс. Ливиядағы конфликт тәжірибесі.) Алайда, ол қысқа мерзімді перспективада ғана ұтымды.

W – (Weaknesses) Әлсіз тұстар

1. Билік басындағы азшылық өкілін қолдауы;

Башар Асад сириядағы діни азшылық алавиттердің өкілі. Халықтың көп бөлігінің қолдауына ие емес.

2. АҚШ және өзге де елдерден салынатын санкциялар;

Диктаторлық режим, адам құқықтарына қарсы әрекеттер, халқына деген күш көрсету себептерімен АҚШ және оның серіктестерінің Сирияға салынған санкциялардан мемлекет әлеммен байланысын үзуі. Сәйкесінше, мемлекетке көмек көрсету негізінен Ресейге түсетін қосымша ауыртпалық;

3. Қаржы, әскери, қару шығындары;

Екінші себептен туындайтын теріс жағы.

4. Мұнайлы орталықтардың күрдтер қолында болуы;

Оңт. Сириядағы күрдтердің АҚШ қолдауымен сириядағы мұнай орталықтарын басып алуы, АҚШ-тың әсерін нығайтады. Ресей қызығушылығына қарсы.

O – (Opportunities) Мүмкіндіктер

1. Қытай ресейлік энергия ресурстарына көбірек бет бұруға мәжбүр болады;

Аймақтағы тұрақсыздық Сауд Арабиясының ең басты энергия тұтынушы ел Қытайдың ресейлік энергия ресурстарына көшуі байқалады.

2. Еуропаға әсерін тигізу;

Сирия конфликтінің салдарынан Европа басшылықтарына Ресейге ұтымды өкілдердің келуі;

3. Түркиямен жақындасу;

Аймақтағы Серіктестер АҚШ пен Түркияның Сириядағы қызығушылықтары қайшы келуі. Түркия сириядағы күрдтерге қарсы, ал АҚШ күрдтерге қолдау көрсетуде. Бұл жағдайда Түркияның Ресеймен қатынасының жақсаруына әкелуі.

4. Мұнай-газ және энергетикалық инфрақұрылымды қалпына келтіру;

Көп шығынды қажет етсе де Ресей үшін Сирияның мұнай-газ, энергетикалық секторына әсер етуі рөлі артады.

T – (Threats) Қауіптер

1. Ресей Сирияға реабилитацияға көмектесуі керек болады;

Сирияның әлемнен оқшаулануы, аймақтағы дамыған елдерден қолдау таппауы, Башар Асад билігін Ресейге тәуелді етеді. Елдегі соғыстан кейінгі қалпына келтіру үлкен шығындарды әкеледі және ұзақ уақытты алады.

2. АҚШ-тың аймақтағы әскери базаларын бекітуі;

Сирия конфликтісі аясында АҚШ аймақтағы әскери базаларының санын көбейтіп, Ресейге және оның одақтастарына қауіпті ұлғайтты.

3. Экономикасына үлкен зардап келуі;

Конфликт нәтижесінде Сирия экономикасына, инфрақұрылымына үлкен залал келді. Оны қайта құру ұзақ уақытты реабилитацияны қажет етеді.

SWOT анализ нәтижесінде, басым жақтары теріс жағынан аз ғана мөлшермен көбірек екенін байқаймыз. Көптеген шығын және ресурстар кеткенімен, Ресей үшін американдық ықпал басым Таяу шығыстағы серіктес мемлекетін жоғалтып алмау геостратегиялық маңызды рөл атқаратынын байқадық.

2017 жылғы қаңтарда Ресей, Түркия және Иранның бастамасы бойынша Астанада Сириядағы қақтығысты реттеу бойынша келіссөздер өтті. Сондай-ақ, Түркиямен және Иранмен бірге Сириядағы жағдайды реттеу үшін Астана үштігіне бірікті.

Ресейлік саясаттың мақсаты:

- Терроризммен күрес.
- Биліктегі стратегиялық маңызды серіктесі мен елдің легитимді таңдалған басшысын сақтап қалу.

- Сирияның егемендігі мен аумақтық тұтастығының сақталуы.

- Сириялықтардың өздері басқаратын және сириялықтарға тиесілі болатын саяси процесті қамтамасыз ету. Барлық сыртқы ойыншылар барынша қолайлы жағдай жасауы.

"Қазіргі кезеңде Сирияны қақтығыстан кейінгі қалпына келтіру, ең алдымен, сириялық босқындар мен ішкі жер аударылған адамдарды отанына қайтару міндеті өте маңызды, бұл БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2254 негізгі қарарларының негізгі шарттарының бірі болып табылады", - деді Путин Асадқа бейнеконференция режимінде өткен кездесу барысында[5].

Ресей әскери-әуе күштерінің қолдауы Сирия үкімет күштеріне террористік топтардың аумақтық кеңеюін тоқтатуға және Хама, Идлиб және Алеппо провинцияларында шабуыл жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі, шиеленісті дипломатиялық реттеуге бағытталған кезеңде, РФ СІМ басшысының орынбасары пікірінше, "Женева-6" жетістігінің себебі, келіссөздердің астаналық трегінде болып жатыр. Онда Сириядағы деэскалация аймақтарын анықтау бойынша нақты жұмыс жүріп жатыр... Астана трегінде қол жеткізілген прогресс сөзсіз осында, Женевада не болып жатқанын алдын ала анықтады... Астана мен Женевадағы процестердің қатар дамуы Сирия дағдарысын реттеу жолында одан әрі ілгерілеуге қол жеткізуге болатындығын куәландырады", - деді Геннадий Гатиллов[6].

Қортындылай келе, Сирия қақтығысы 2018 жылы жаңа кезеңге өтті, өйткені ИМ де, Сирия оппозициясы да бұрынғыдай үлкен қауіп төндіретін күштер болуды тоқтатты және екі коалиция да жанжалдан кейінгі келіссөздер жүргізуге тырысады. Принципті ішкі және халықаралық ойыншылар үшін қолайлы келісімге қол жеткізуге болатынына бәрі бірдей сенімді болмаса да, қазіргі уақытта бұл соғыстың басты нәтижесі соғысқа дейін болған Сирияны сақтау мүмкін емес болса да президент Башар Асадтың билікте қалуы болды.

Ресей саясатының Сириядағы жетістіктері:

- ИГИЛ-дің жеңілісі.
- режимнің күштік ауысуының алдын алу.
- Сирия мемлекетінің егемендігі, тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығын сақтау.
- Жаңа конституция негізінде ұлттық татуласу негізінде биліктің жаңа құрылымы құрылуы Сирия режимін халықаралық заңдастыруға мүмкіндік береді және Ресей Федерациясының стратегиялық қатысуына легитимизация қамтамасыз етеді.

Осылайша, алдағы уақыттағы Сирия мәселесіндегі делдалдық рөлінің инициативасын Ресей өзіне бұрып, жағдайдың дамуында басты рөл ойнайтын елдер қатарына кіре алды. Ресей Федерациясы Таяу Шығыстағы негізгі аймақтық ойыншы мәртебесін бекітуде, оның әскери-саяси қатысуы мен Сирия басшылығының саяси қолдауының арқасында Сирияға қарсы әскери компанияға қарсы, дағдарысты саяси реттеуге көшті.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1."Выступление и ответы Сергея Лаврова на вопросы СМИ на совместной пресс-конференции с министром иностранных дел ОАЭ Абдуллой Аль Нахайяном", Министерство иностранных дел Российской Федерации (сайт), 1 ноября 2011 года, дата обращения 10 января 2018 года, http://www.mid.ru/en/vistupleniya_ministra/-/asset_publisher/MCZ7HQuMdqBY/content/id/186758.
- 2.Соглашение между Российской Федерацией и Сирийской Арабской Республикой о расширении территории пункта материально-технического обеспечения Военно-Морского Флота Российской Федерации в районе порта Тартус: <http://publication.pravo.gov.ru/Document/View/0001201701200039>
- 3.Валерий Герасимов," мы сломали спину террористам", интервью Виктора Баранца, Комсомольская правда (сайт), 26 декабря 2017 года, дата обращения 10 января 2018 года, <https://www.kp.ru/daily/26775/3808693/>.
- 4.Основные российские подходы к актуальным вопросам текущей повестки дня ООН. URL: <http://www.mid.ru/rossia-i-oon> (дата обращения: 15.01.2018).
- 5.Встреча с Президентом Сирии Башаром Асадом, 9 ноября 2020 год. <http://kremlin.ru/events/president/news/64358>
- 6.Кратчайший раунд переговоров по Сирии в Женеве может дать долгосрочный итог. URL: <https://ria.ru/syria/20170519/1494703348.html> (дата обращения:15.01.2018).